

*М.Оспанов атындағы мемлекеттік медицина
университеті*




*Тақырыбы: Акселерация туралы түсінік. Тәрбиелеудің,
қоршаған ортаның баланың нерв психикалық дамуына әсері*

Орындаған: Аметияев Нұржан 415 Б



Жоспары



- *Акселерация туралы түсінік*
- *Акселерация оның әлеуметтік және педагогикалық мәні*
- *Акселерация сыртқы, ішкі әсері*
- *Жіктелуі*
- *Акселерация себептері*
- *Баланың дамуына әсер ететін факторлар*
- *Тәрбиенің баланың дамуына әсері*



Соңғы жарты ғасыр ішінде бүкіл дүние жүзінде адамзаттың дамуы мен өсуінде өзгерістер байқалатындығы туралы мәліметтер бар. Бұл өзгерістер негізінде тиісті биологиялық даму мен өсудің қажетті сатыға ерте жетуі жатады.

*Алғаш 1953 жылы неміс ғалымы Е.Кох акселерация (латынның **acceleracio** – жылдамдату деген сөзінен алынған) деп атады. Әрбір бір жыл сайын ересек адамның бойы 1 см өсіп отырады.*



Акселерация процесі бүкіл дүние жүзін қамтиды. Полтава соғысы болған аймақтағы жүргізілген археологиялық зерттеулер Петр I әскерлерінің бойының ұзындығының қазіргі ересек адамдармен салыстырғанда 20 см төмен болғанын анықтаған. 1882 жылғы 15 жастағы жастағы жасөспірімдердің 1970 жылғы жасөспірімдермен салыстырғанда бойы 19-20 см қысқа болған. Соңғы 40-50 жылдарда жаңа туылған нәрестенің дене ұзындығының 1-2 см – ге салмағы 150-500 г арытқаны белгілі болып отыр. 4000 граммнан артық салмақпен туылған балалар саны 10-16 % га дейін көбейді. Қазіргі 1 жастағы балалардың дене салмағы осыдан 50 жыл бұрын туған балалардан 1-2 кг артық.



АКСЕЛЕРАЦИЯ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ



- *Адамның өсіп жетілуінде белгілі заңдылық болады. Ал, бұл заңдылық әр балада әр қалай болады. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін олардың жас және дара ерекшеліктерін білу қажет.*
- *Мектептегі кезеңнің өзі бастауыш (6-10 жасқа дейін), тоғыз жылдық (10-15-ке дейін), орта мектеп оқушылары (15-18-ге дейін) болып үшке бөлінеді. Баланың дене дамуындағы ең маңыздысы - орталық жүйке жүйесі, өйткені адамның психикалық әрекеттері осы орталық жүйке жүйесіне байланысты болады. Балалардың дене және психикалық дамуында соңғы жылдары айқындалған күрделі өзгерістердің бірі - ағзаның жедел дамуы. Бұл құбылыстарды акселерация (латынша "өзінделу") деп аталады.*



Акселерация құбылысы ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Оның себебі Е. Кох (1953) рахит ауруларының алдын – алу үшін берілетін Д-витаминінде деп есептеледі. Сонымен қатар урбанизациялық процестің де акселерациясы үшін маңызы зор болып есептелінеді; көшедегі жүріс жылдамдығы: қаланың шуы, киноның, театрдың, теледидардың және басқа ақпараттық мәліметтер әсері; дене тәрбиесі, спорт, медициналық көмек, әлеуметтік жағдайлар әсері. Қазіргі кездегі қоршаған ортаның сәулелік (радиациялық) жағдайларының әсерін де естен шығаруға болмайды.



Акселерация - биологиялық фактор, әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы сонымен бірге радио толқындық және географиялық-климаттық жағдайлардың өзгеруі аталған құбылыстың пайда болуына әсер етті. Әрине акселерация құбылысы жайлы түпкілікті қорытынды шығару ертерек. Өйткені бұл әлі де зерттеуді қажет етеді, дегенмен акселерацияға байланысты мектеп жиһаздарына, сырт және аяқ киімдерінің үлгілеріне, дене шынықтыру және жаттықтыру кешендеріне қайта қарауға тура келіп отыр. Акселерацияның ақыл-ой дамуына ықпал жасайтындығы байқалуда. Сонымен адамның дамуы өзара байланысты бірнеше факторлардың ыңғалымен жүретін күрделі педагогикалық, психологиялық процесс болып табылады.





АКСЕЛЕРАЦИЯ

Гармониялык


Дисгармониялык




• Гормоналық акселерацияға антропометриялық көрсеткіштер мен биологиялық жетілуі бұл жыныстық-жастық топ үшін орташа көрсеткіштерден артық балалар жатады.

• Дисгормоналық түріне құрдастарына қарағанда бойының ұзындығы артық, ал жыныстық дамуының белгілері жетілуі қалыпты немесе төмен балалар жатады.

Сонымен қатар, керісінші жыныстық жетілуі жасынан артық, ал дене дамуының қарқынды (жылдам) дамуы байқалмайтын балалар жатады.



АКСЕЛЕРАЦИЯҒА ТӘН ЕРЕКШЕЛІК



• Балалардың бойының, салмағының бұлшық еттерінің жедел түрде өсіп жетілуі. Акселерация құбылысы тұрғысынан қарағанда қазіргі жеткіншек балалардың бойы биік, иықтары қысыңқы, кеудесі қысқа, аяқтары ұзын келеді. Күні бұрын тез жетілген ағза ауруға, суыққа және дене салмағына төзімсіз келуі анықталуда. Ересек жастағы балалар жыныс мүшесі жетілу кезінде тез шаршайды. Осындай тез өсетін ағзада жүрек тамыр жүйесінің дамуы бірнеше есе қалыс қалады да, өз міндеттерін атқара алмайды. Ал баланың психикалық жетілу деңгейі артта қалады. (соңдықтан ер немесе қыз бала қоғам, отбасы алдындағы өзінің борышын ар-намысын, міндеттерін, жауапкершілігін түсіне көрмейді. Осы мәселені ата-аналар, мұғалімдер ескеріп отыруы қажет.



Даму мен өсу акселерациясы 1 жасқа дейінгі балаларда бойының жоғарғы көрсеткіштерімен, еңбегінің ерте бітуімен, сүттік тістерінің ерте шығуымен болжалынады. Бұрын салмағы 5-6 айда екі есе артатын болса, қазір бұл процесс 4-4,5 айда болатын болып отыр. Ал 3 есе артуы 11-12 айдың орнына 10-11 айда болатын болды. 3-тен 7 жасқа дейінгі балаларда өсу және даму акселерациясын тұлғасының өсуінен, сүт тістерінің ерте ауысуынан көруге болады. Мектеп жасындағы балаларда, тұлғаларының мөлшерімен қатар акселерация қаңқаның сүйектенуінің, жыныстық және эмоциональдық жетілудің жылдамдауынан, санасының және әлеуметтік сезімінің ерте жетілуінен көруге болады. ХІХ ғасырмен салыстырғанда жыныстық жетілу 1,5-2 жыл ерте бітеді.



АКСЕЛЕРАЦИЯ СЕБЕПТЕРІ (Ю. П. ЛИСИЦЫН, 1973)




1. Физикалық – химиялық	<ol style="list-style-type: none">1. Гелиогенді (күн сәулесі әсері)2. Радиотолқынды, магнитті (магнитті жазықтың әсері)3. Ғарыштық сәулелер4. Өнеркәсіптің дамуна байланысты көмір қышқылының мөлшерінің артуы
2. Өмір жағдайының әртүрлі факторлары туралы теориялар	<ol style="list-style-type: none">1. Тамақтану2. Нутритивті3. Ақпаратты мәліметтердің артуы
3. Генетикалық	<ol style="list-style-type: none">1. Циклдік биологиялық өзгерістер2. Гетерозистік өзгерістер (популяцияның ығысуы)
4. Өмір жағдайының факторлар кешенінің теориялары	<ol style="list-style-type: none">1. Урбанизацияның әсері2. Әлеуметтік – биологиялық факторлар кешені



Баланың дамуына әсер ететін факторлар және оның мәні.

- Даму - жеке адамды жетілдірудің өте күрделі және диалектикалық процесі. Балада анадан туа біткен белгілі идеялар мен түсініктер және өжет, жұмсақ немесе байсалды мінез болмайды. Планың адамгершілік, әуестік, белсенділік және батылдық сияқты қасиеттері даму процесінде қалыптасады. Өйткені, оның өсіп жетілуіне белгілі әлеуметтік тәрбие мен орта әсер етеді. Адаманың дамуы және оның дүниені тануы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты. Сондықтан оның мінезінде әр түрлі ерекшеліктер мен процесстер пайда болады. Баланың дамуына ықпал ететін факторларға тұқым қалдырушылық, әлеуметтік орта, тәрбие, т.б. жатады.*





Тұқым қуалаушылық - ұрпақтың ата-ананың биологиялық ұқсастығын елестетуі. Кейбіреулері баланың сыртқы пішініне қарап, бірден қалай әкесіне не шешесіне ұқсай қалған деп таңданады. Әрине бұл кездейсоқ нерсе емес. Өйткені, баланың шашы мен көзінің бояуы, терісінің пигменті, бет келбеті мен басының формасы, жүрісі мен өзін ұстау қалпы тұқым қуалаушылық арқылы берілетін биологиялық ұңсастықты еске түсіреді. Бала қозғалыс мүшелерін, нерв жүйесінің функциялық қасиеттерін, ал кейде дауыс тембрі, музыкаға, биге, математикаға қабілеттілігі сияқты өте нәзік ерекшеліктерді тұқым қуалау арқылы алады. Бірақ, өте нәзік ерекшеліктердің тұқым қуалау жолымен берілуі өте сирек кездесетін жағдай. Мысалы: әйгілі ұлы компо-зитор Иоганн Себастьян Бахтың ұрпақтарында 300 жыл ішінде тек қана 20 адамдай музыканттар болған. Мұны бір жағынан отбасы мүшелерінің табиғи мүмкіншіліктердің (нышанның) болуына, екінші жағынан отбасындағы музыкалық дәстүрге, музыкалық тәрбиеге байланысты деп қарастырған жөн.




Тәрбиенің баланың дамуындағы рөлі

Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі - тәрбие. Тәрбие балалардың жеке және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен дәрежесіне лайық іске асырылып, тәрбие адамдардық іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Ол үшін тәрбиеші алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша тәрбие жұмысын мақсатқа бағыттап ұйымдастырып, тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді етіп пайдаланады.



Тәрбиенің рөлін педагогика тарихында, аса артық бағалаушылар да болды.

- Д.Локк (1632-1704) "тәрбие адамның көзқарастары мен адамгершілік қасиеттерін жасайтын негізгі құрал, адам тәрбие арқылы жақсы болады" - деп сыңаржақ пікір айтты. Бала өмірге келгенде, оның жаны сүттей ақ, судан таза, сондықтан тәрбиеші өзіне керек адамды жасап алады деп, тәрбиенің рөлін аса дәріптеп, тұқым қуалау мен әлеуметтік ортаның баланың қалыптасуындағы рөлін онша бағаламады.
- Революционер-демократ В. Г. Белинский (1811-1848) баланың жаны таза тақтай емес, тақта да сапалы, жазу да әдемі болу керек деді. Белинский тәрбиенің рөлін жоғары бағалап, адам дамуындағы тұқым қуалаушылық пен ортаның әсерін де ескерген жөн деді.
- Д.Локк, т.б. көзқарастар бойынша тәрбие арқылы адамды түрлі дәрменсіздіктен, кемістіктен құтқаруға болады. Демек, олар тәрбие арқылы адам баласының тұрмысын жақсартуға және санасын өзгертуге болады деген жорамал ойға келді.





- *Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал белгілі педагогтер Я.Коменский, Ж. Руссо тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруға үндеген болатын.*
- *Қазіргі педагогика және психология ғылымдары балалар мен жеткіншектердің дамуындағы биологиялық фактордық рөлін айрықша көрсетеді. Педагогика ғылымы жас ерекшеліктерін анықтауға баланың дамуын үнемі қозғалыс үрдісі ретінде қарастыра отырып, бұл қозғалыстан сан жағынан жинақталу, сапа жағынан елеулі өзгерістер болатынын алға тартады. Мәселеге бұлайша қарау балалардың дене және психикалық дамуының бірқатар кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік береді*



Осының негізінде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің өсіп-жетілуін мынадай кезеңдерге бөлу қабылданды:

- 1) төменгі сынып шағындағы кезең (7 жастан 11 жасқа дейін);*
- 2) негізгі мектеп шағындағы жеткіншектік кезең (12 жастан 15 жасқа дейін);*
- 3) орта мектеп шағындағы жасөспірімдік кезең (15 жастан 18 жасқа дейін).*



Соңғы жылдары симпозиумда қабылданған және кезеңдерінің сызбасына жаңа туған баладан бастап жасөспірімдік шаққа дейінгі өзгерістер кіреді.



Олардың сатылары:




- 1. Жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін)
 - 2. Нерестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін);
 - 3. Ерте сәбилік шақ (бір жастан үш жасқа дейін);
 - 4. Мектепке дейінгі балалық шақ (төрт жастан 7 жасқа дейін);
 - 5. Бастауыш мектеп жасы (7 жастан 11,12 жасқа дейін);
 - 6. Жеткіншек шақ (11, 12 жастан, 14, 15 жасқа дейін);
 - 7. Жасөспірім шақ (14,5 жарым жастан, 17 жасқа дейін).
- Тәрбие мен оқыту осы жас сатыларына сәйкес жүргізілуі керек. Өйткені, адам жасының табиғи негізі - жас сатылары немесе биологиялық жетілу сатылары.



Әрбір жас шағы психикалық дамудық ерекше сапалы кезеңі болып табылады және бала дамуының осы кезеңдегі жеке басының өзіндік құрылымының жиынтығын құрастыратын көптеген өзгерістермен сипатталады. Осыған байланысты әрбір педагог-маман орта мектеп оқушыларының жас кезеңдеріндегі ерекшеліктерге сергек те сезімтал көзқараспен қарап, олардың жан дүниесін түсіне білуі шарт.



- **Дене тәрбиесі.** Дұрыс тамақтанып, таза ауада жиі болу, көп қозғалу (ойын, дене жаттығулары, спортпен айналысу) дене тәрбиесіне көмектеседі. Дене тәрбиесі мұғалімі және жаттықтырушы баланың бет әлпетінің, қолының, ернінің түсін үнемі қадағалау керек. Бұл жұмыс сабақтың басындағы және соқындағы қан тамырының соғысын тексерумен толықтырылады, жеткіншектер жиі тыныс алатындықтан, тыныс алуын басқаруын үйрету керек. Жеке гигиена, ұйқы, тамақ, демалыс, белсенді еңбек іс-әрекетіне жағдай жасайды. Шамадан тыс жұмыс жалпы дамуын тежейді. Дене тәрбиесі арқылы жүрек қан жүйесін жаттықтыру, дене жаттығулары, спорт, дене еңбегі үшін дәрігерлік және педагогикалық бақылау өте пайдалы. Маскүнемдікке жол берілмеу керек. Дене тәрбиесі және спортпен айналысу зейіннің дамуына әсер етіп, оның көлемін көбейтеді, зейіннің бір нерседен екіншіге бөлінуіне әсер етеді



Тәрбиеші мына жағдайларды ескеруі қажет:

- - баланың өз мүддесін ғана ойлауын болдырмау;
- - өз мүддесін ұжым мүддесімен ұштастыруа білуге үйрету;
- - баланың әр түрлі жағдайда болатын өзгерістерді басынан өткізе білуге баулу;
- - баланы өмірді даму күйінде көре білуге үйрету.





**НАЗАРЛА
РЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

